

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының
Экспорттық-импорттық банкі арасындағы жеңілдікті кредитті пайдалану туралы
кредиттік келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 9 қыркүйектегі № 671 қаулысы
2019 жылғы 18 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен
ратификацияланған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық
Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасының жеңілдікті
кредит беруі туралы негіздемелік келісімнің 4-бабына сәйкес **Қазақстан
Республикасының Үкіметі** ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық
Республикасының Экспорттық-импорттық банкі арасындағы жеңілдікті кредитті
пайдалану туралы кредиттік келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан
Республикасының Қаржы министрі Әлихан Асханұлы Смайыловқа Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Экспорттық-импорттық
банкі арасындағы жеңілдікті кредитті пайдалану туралы кредиттік келісімге
қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып,
Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 9 қыркүйектегі
№ 671 қаулысымен
мақұлданған

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының
Экспорттық-импорттық банкі арасындағы жеңілдікті кредитті пайдалану
туралы КРЕДИТТІК КЕЛІСІМ МАЗМҰНЫ**

БАП		БЕТ
	1-БӨЛІМ ТҮСІНДІРУ	
1.	Анықтамалар мен түсіндіру	4
	2-БӨЛІМ КРЕДИТ	

2.	Кредит	12
3.	Мақсаты	12
4.	Пайдалану шарттары	12
	3-БӨЛІМ ПАЙДАЛАНУ	
5.	Пайдалану	13
	4-БӨЛІМ ӨТЕУ, МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ӨТЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ	
6.	Өтеу	14
7.	Мерзімінен бұрын өтеу және күшін жою	14
	5-БӨЛІМ ПАЙДАЛАНУ ҚҰНЫ	
8.	Пайыздар	16
9.	Пайыздық кезеңдер	16
10.	Комиссиялар	17
	6-БӨЛІМ ТӨЛЕМ БОЙЫНША ҚОСЫМША МІНДЕТТЕМЕЛЕР	
11.	Салықтық алымдар және өтемдер	17
12.	Кредитордың бизнесті жүргізуі	18
13.	Басқа өтемақылар	19
14.	Шығыстар мен шығындар	19
	7-БӨЛІМ ӨТІНІШТЕР, МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАМАУ ЖАҒДАЙЛАРЫ	
15.	Сендірулер	19
16.	Ақпараттық міндеттемелер	25
17.	Жалпы міндеттемелер	28
18.	Міндеттемелерді орындамау жағдайлары	33
	8-БӨЛІМ ТАРАПТАРДЫ АУЫСТЫРУ	
19.	Кредиторды ауыстыру	38
20.	Қарыз алушыны ауыстыру	39
	9-БӨЛІМ КРЕДИТОР	
21.	Кредитордың іс жүргізуі	39
	10-БӨЛІМ БАСҚАРУ	
22.	Төлеу механизмі	40
23.	Өзара есеп айырысу	43
24.	Хабарламалар	43
25.	Есеп айырысулар және куәліктер	45
26.	Ішінара жарамсыздығы	46
27.	Құқықтық қорғау құралдары және бас тарту	46

28.	Түзетулер және жою	47
29.	Құпиялылық	47
30.	Даналары	47
31.	Күшіне енуі	48
32.	Токтату	48
	11-БӨЛІМ РЕТТЕУШІ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ МӘЖБҮРЛЕП ОРЫНДАТУ	
33.	Реттеуші құқық	48
34.	Қортынды құқық және орындау	48
	ҚОСЫМШАЛАР	
ҚОСЫМША		БЕТ
1 - ҚОСЫМША	Алдын ала шарттар	51
2 - ҚОСЫМША	Сұраулар	53
3 - ҚОСЫМША	Өтеу графигі	55
4 - ҚОСЫМША	Кредиттік келісімнің күшіне енуі туралы хабарламаның нысаны	57
5 - ҚОСЫМША	Сенімхат (іріктеу үшін)	58
6 - ҚОСЫМША	Заңды қорытындының нысаны	59

2019 жылғы ОСЫ КЕЛІСІМ:

(1) ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ атынан ("**Қарыз алушы**") Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі; және

(2) Кредитор ретінде ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ-ИМПОРТТЫҚ БАНКІ ("**Кредитор**") арасында жасалған.

МЫНА:

2018 жылғы 7 маусымда Қытай Халық Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Үкіметі Қытай Халық Республикасы Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында Қытай Халық Республикасының жеңілдікті кредит беруі туралы негіздемелік келісімді ("**Негіздемелік келісім**") жасағанын назарға ала отырып

мыналар КЕЛІСІЛДІ:

1-БӨЛІМ ТҮСІНДІРУ

1. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ТҮСІНДІРУ

1.1 Анықтамалар

Осы Келісімде:

"Үлестес тұлға" кез келген тұлғаға қатысты осындай тұлғаның еншілес кәсіпорнын немесе осындай тұлғаның холдинг компаниясын немесе осындай Холдинг компаниясының кез келген басқа Еншілес компаниясын білдіреді.

"Рұқсаттар" дегеніміз:

(а) өкілеттіктер, келісім, мақұлдау, рұқсат беру, лицензия, босату, тіркеуге өтініш беру, нотариаттық куәландыру, құқық беру немесе тіркеу; немесе

(b) егер Үкіметтік агенттік құқық берілгеннен, тіркеуге өтініш бергеннен, тіркелуден немесе хабарлаудан кейін, араласпай немесе іс-қимылсыз осы кезең өткеннен кейін белгілі бір кезең ішінде араласса немесе қандай да бір түрде әрекет етсе, заңмен толық немесе ішінара тыйым салынатын немесе шектелетін барлығына қатысты

"Қолжетімділік кезеңі" күшіне ену күнінен бастап және күшіне ену күнін қоса алғанда және Күшіне ену күнінен кейін 60 айды құрайтын күнді қоса алғандағы кезеңді білдіреді.

"Қолжетімді міндеттеме" Кредитордың міндеттемесінен минус:

(а) кез келген берілген қарыздардың сомасын; және

(b) кез келген ұсынылып отырған пайдалануға қатысты, пайдалану күніне немесе сол күнге дейін берілуі тиіс кез келген Қарыздардың сомасын білдіреді.

"Жұмыс күні" банктер Бейжің мен Нұр-Сұлтан қалаларындағы негізгі қызметін жүргізу үшін ашық күнді (сенбі, жексенбі және ресми мереке күндерінен басқа) білдіреді.

"Сатып алушы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Мемлекеттік кірістер комитетін немесе Жобаны іске асыруға жауапты болатын кез келген құқықтық мирасқорын білдіреді.

"Коммерциялық келісімшарт" Сатып алушы мен Жеткізуші арасында [●] жасалған келісімшарт нөмірі [●] бар келісімшартты білдіреді (мезгіл-мезгіл енгізілген өзгерістермен немесе толықтырулармен).

"Міндеттеме" 2 061 728 200 (екі миллиард алпыс бір миллион жеті жүз жиырма сегіз мың екі жүз) Қытай юанын оның күші жойылмаған, азайтылмаған немесе Кредитор осы Келісім аясында бермеген көлемде білдіреді.

"Құзыретті орган" термині:

(а) кез келген заңнамалық, атқарушы, үкіметтік, үкіметаралық, ұлттықтан жоғары немесе халықаралық органдарды, олардың тиісті агенттіктерін, департаменттерін, ұйымдарын және басқа да органдарды қоса алғанда, әрбір жағдайда Тараптардың кез келгеніне қатысты юрисдикциясы бар немесе осындай органның юрисдикциясы бар елдерде, орындарда немесе аудандарда Тараптың қызметіне елеулі қолайсыз әсер етуі мүмкін қандай да бір шектеу шараларын қабылдауға, жүзеге асыруға, салуға, түсіндіруге, қолдануға немесе сақтауды қамтамасыз етуге қабілетті; және

(b) жоғарыда (a) тармақшасында аталған органдардың кез келгені шығарған қандай да бір шектеу шараларын қабылдауға, жүзеге асыруға, түсіндіруге, қолдануға немесе сақтауды қамтамасыз етуге қабілетті, осындай органның юрисдикциялары бар осындай елдерде, орындарда немесе аудандарда Тараптың қызметіне елеулі қолайсыз әсер етуі мүмкін кез келген сот органдарының кез келгенін білдіреді.

"Келісімшарттың құны" 2,062 млрд. Қытай юанінен аспайтын жалпы соманы білдіреді.

"Міндеттемелерді орындамау" міндеттемелерді орындамау жағдайын немесе Міндеттемелерді орындамау жағдайы болатын (жеңілдік кезеңі, хабарлама беру, Қаржылық құжаттарға немесе жоғарыда аталғандардың кез келген комбинациясына сәйкес кез келген шешім шығарылғанымен) кез келген оқиғаны немесе жағдайды білдіреді.

"Іркілу жағдайы" төмендегілердің не біреуін, не екеуін де білдіреді:

(a) әрбір жағдайда қандай да бір Тараптарға байланысты емес және тәуелді емес Кредитке байланысты төлемдерді жүзеге асыру мақсатында (немесе орындауға жататын Қаржы құжаттарында көзделген операциялар үшін өзгеше түрде) жұмыс істеу үшін қажетті төлем немесе коммуникациялық жүйелердің немесе қаржы нарықтарының материалдық іркілуін; және

(b) осы немесе кез келген басқа Тарапқа кедергі келтіретін Тараптың қазынашылық немесе төлем операцияларының іркілуіне (техникалық немесе жүйелік сипаттағы) әкеп соғатын кез келген басқа жағдайдың туындауын:

(i) Қаржылық құжаттар шеңберінде өзінің төлем міндеттемелерін орындауға; немесе

(ii) Қаржылық құжаттардың талаптарына сәйкес басқа Тараптармен байланыс жасауға;

және ол (кез келген жағдайда) шақыртылмаған және қызметі бұзылған Тарапқа байланысты емес.

"Күшіне ену күні" 31-бапта (Күшіне ену) көрсетілген мағынасы бар.

"Міндеттемелерді орындамау жағдайы" 18-бапта (міндеттемелерді орындамау жағдайлары) көрсетілген кез келген жағдайды немесе мән-жайды білдіреді.

"Сыртқы берешек" оның шарттарына сәйкес немесе кредитордың таңдауы бойынша Қазақстан валютасынан өзгеше валютадағы осындай қаржылық берешекке қатысты көрсетілетін немесе төленетін, немесе оның шарттарына сәйкес Қазақстаннан тыс жерде төленуге жататын кез келген Қаржылық берешекті білдіреді.

"Кредит" 2-бапта (кредит) сипатталғандай, осы Келісімге сәйкес берілген мерзімді кредитті білдіреді.

"FATCA" дегеніміз:

(a) 1986ж. Ішкі Кірістер бойынша АҚШ Кодексінің 1471-ден 1474-ке дейінгі бөлімдері немесе онымен байланысты кез келген ережелер;

(b) кез келген басқа юрисдикциядағы немесе АҚШ пен кез келген басқа юрисдикция арасындағы үкіметаралық келісімге қатысты, (кез келген жағдайда) жоғарыда (a) тармақшасында көрсетілген кез келген заңның немесе ережелердің орындалуын қамтамасыз ететін кез келген шарт, заң немесе ереже; немесе

(c) жоғарыда (a) немесе (b) тармақшаларында көрсетілген кез келген шартты, заңды немесе ережені орындауға сәйкес АҚШ салық басқармасымен, АҚШ үкіметімен немесе кез келген басқа юрисдикциядағы кез келген үкіметтік немесе салық органымен кез келген келісім.

"Өтеудің соңғы күні" өтеу мерзімінің аяқталу күнін білдіреді.

"Қаржылық құжат" осы Келісімді, оған өзгерістерді және Кредитор мен Қарыз алушы арасында келісілген Кредитке байланысты кез келген басқа құжатты білдіреді.

"Қаржылық берешек" мыналар үшін немесе оларға қатысты кез келген берешекті білдіреді:

(a) қарыз қаражат;

(b) кез келген акцептілік кредиттік желі немесе құжатсыз нысандағы балама шеңберінде акцепт жолымен алынған кез келген сома;

(c) ноталарды сатып алудың немесе облигацияларды, ноталарды, борыштық міндеттемелерді, қамтамасыз етілмеген бағалы қағаздарды немесе кез келген ұқсас құралдарды шығарудың кез келген бағдарламасына сәйкес алынған кез келген сома;

(d) GAAP-қа сәйкес баланстық міндеттеме ретінде қаралатын кез келген жалдау шартына немесе лизинг шартына қатысты қандай да бір міндеттеме сомасы (GAAP-қа сәйкес осы Келісім күніне күші бар жалдау шартына немесе лизинг шартына қатысты кез келген міндеттемені қоспағанда, операциялық жалдау ретінде қаралатын кез келген міндеттемені қоспағанда);

(e) сатылған немесе дисконтталған дебиторлық берешек (олар регресс құқығынсыз қағидат бойынша сатылатын дәрежедегі кез келген дебиторлық берешекті қоспағанда);

(f) қарыз алудан коммерциялық әсері бар осы анықтаманың кез келген басқа тармақшасында айтылмаған мәміленің кез келген басқа түрі бойынша алынған кез келген сома (орындауды кейінге қалдыра отырып, сатып алу-сату кез келген шартын қоса алғанда);

(g) бағамның немесе бағаның ауытқуынан қорғауға немесе пайда алуға байланысты жасалған кез келген туынды мәміле (және кез келген туынды мәміленің құнын есептеу кезінде тек нарықтық құн ескеріледі (немесе, егер қандай да бір нақты сома осындай туынды мәмілені тоқтату немесе жабу нәтижесі болып табылса, онда осы сома ескеріледі);

(h) төлеп алуға жататын ретінде көрсетілген акциялар;

(i) кепілдікке, өтемақыға, облигацияға, резервтік немесе құжаттамалық аккредитив туралы келісімге немесе банк немесе қаржы мекемесі шығарған кез келген басқа құралдарға қатысты шығындарды өтеу жөніндегі кез келген міндеттемеге; және

(j) жоғарыда (а)-дан (і)-ге дейінгі тармақшаларда аталған қандай да бір кепілдікке немесе өтемақыға қатысты кез келген міндеттеменің сомасы.

"Бірінші өтеу күні" Қолжетімділік кезеңі аяқталғаннан кейін бірден пайыздарды төлеудің бірінші күнін білдіреді.

"GAAP" Қазақстандағы бухгалтерлік есептің жалпы қабылданған принциптерін, стандарттар мен тәжірибені білдіреді.

"Жеңілдікті кезең" Күшіне енген күні басталатын және Күшіне енген күнінен кейін алпыс (60) айдан кейін аяқталатын кезеңді білдіреді.

"Холдинг компания" тұлғаға қатысты өзіне қатысты Еншілес компания болып табылатын кез келген басқа тұлғаны білдіреді.

"ХҚДБ" Халықаралық қайта құру және даму банкін білдіреді.

"ХВҚ" Халықаралық валюта қорын білдіреді.

"Сыйақы төлеу күні" әрбір жылдың 21 наурызын және 21 қыркүйегін білдіреді, мынадай шартпен:

(а) осылайша Жұмыс күні болып табылмайтын күнге түсетін сыйақыны төлеудің кез келген күні алдыңғы Жұмыс күніне түсуі тиіс; және

(b) Соңғы өтеу күнінен кейінгі күні қандай да бір жолмен түсетін сыйақыны төлеудің кез келген күні оның орнына Соңғы өтеу күніне түсуі тиіс.

"Пайыздық кезең" Қарызға қатысты 9-бапқа сәйкес (пайыздық кезеңдер) айқындалған әрбір кезеңді және Төленбеген сомаға қатысты 8.3-тармаққа (Міндеттемені орындамағаны үшін пайыздар) сәйкес айқындалған әрбір кезеңді білдіреді.

"Қаражатты іріктеу туралы қайтарып алынбайтын хабарлама" 2-қосымшада (Сұрау салулар) көрсетілген нысандағы мәні бойынша хабарламаны білдіреді.

"Қазақстан" Қазақстан Республикасын білдіреді.

"Қазақстандық агенттік" Қазақстанның Үкіметін қоса алғанда, Қазақстанның мемлекеттік органдарын білдіреді.

"Қарыз" Кредит шеңберінде берілген немесе берілуге жататын қарызды немесе осындай қарыз сәтіндегі берешектің негізгі сомасын білдіреді.

"Елеулі қолайсыз әсер" (а) Қарыз алушының қызметіне, операцияларына, мүлкіне, жай-күйіне (қаржылық немесе өзге де) немесе перспективаларына; (b) Қарыз алушының Қаржы құжаттары бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілетін; немесе (c) Қаржы құжаттары бойынша Кредитордың шынайылығына немесе заңдылығына немесе құқықтарына немесе құқықтық қорғау құралдарына елеулі қолайсыз әсерді білдіреді.

"Министрлік" Қазақстанның Қаржы министрлігін немесе кез келген құқық мирасқорын білдіреді.

"Өтеу кезеңі" Күшіне енген күні басталатын және осыдан кейін 240 ай түсетін күні аяқталатын кезеңді білдіреді.

"Ай" күнтізбелік айда бір күні басталатын және келесі күнтізбелік айда тиісті күнмен аяқталатын кезеңді білдіреді, мыналарды қоспағанда:

(а) (төмендегі (с) тармақшаны ескере отырып), егер тиісті саны бар күн Жұмыс күні болып табылмаса, онда бұл кезең осы кезең аяқталуы тиіс күнтізбелік айда келесі жұмыс күні аяқталады, егер ондай бар болса және жоқ болса, тікелей алдыңғы жұмыс күні аяқталады;

(b) егер осы кезең аяқталуы тиіс күнтізбелік айда тиісті күн болмаса, онда бұл кезең күнтізбелік айдың соңғы Жұмыс күні аяқталады; және

(с) Егер Пайыздық кезең күнтізбелік айдың соңғы Жұмыс күні басталса, онда бұл Пайыздық кезең осы Пайыздық кезең аяқталуы тиіс күнтізбелік айда Соңғы жұмыс күні аяқталады.

Жоғарыда көрсетілген ережелер кез келген кезеңнің соңғы Айына ғана қолданылатын болады.

"Жаңа кредитор" бұл терминнің мағынасына 19-бапта (Кредиторды Ауыстыру) берілген мағынасы бар.

"Күшіне ену туралы хабарлама" Кредитор Қарыз алушыға берген, Кредитордың 4-қосымшада (Кредиттік келісімнің күшіне енуі туралы Хабарлама нысаны) көрсетілген нысанда елеулі түрде кредиторды қанағаттандыратын нысаны мен мазмұны бойынша 1-қосымшаның I бөлігінде (Алдын ала шарттар) аталған барлық құжаттар мен басқа да дәлелдемелерді алғанын растайтын хабарламаны білдіреді.

"Тарап" осы Келісімнің тарапын білдіреді.

"ҚХР" осы Келісім мақсатында Гонконгты, Макаоны немесе Тайваньды қамтымайтын Қытай Халық Республикасын білдіреді.

"Жоба" бұдан әрі Коммерциялық келісімшартта көрсетілгендей, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы Қазақстан шекара пункттерін жаңғырту мен техникалық қайта жабдықтауын білдіреді.

"Өтеу күндері" өтеудің Бірінші күнін және өтеудің Соңғы күніне дейін және қоса алғанда, пайыздарды төлеудің әрбір кейінгі Күнін білдіреді.

"Қарызды өтеу" 6.1-тармақта көрсетілген (Қарыздарды өтеу) Қарызды өтеу үшін әрбір төлемді білдіреді.

"Өтеу графигі" 3-қосымша нысанында (Өтеу графигі) немесе Қарыз алушы мен Кредитормен келісілген нысанда елеулі түрде әрбір өтеу күні мен сомасы көрсетілген кестені білдіреді.

"Қайталанатын сендірулер" 15.1 (Мәртебе), 15.2 (Міндетті күші бар міндеттемелер), 15.3 (Басқа міндеттемелермен қайшылықтың болмауы), 15.4 (Құқықтар мен өкілеттіктер), 15.6 (Қолданылатын құқық және мәжбүрлеп орындау), 15.7 (Міндеттемелерді орындамаудың болмауы), 15.9 (Тең кезектілік), 15.10 (Сот

қараулардың немесе сот қарауларының басталуына қатердің болмауы), 15.18 (Бұлтартпау шаралары және терроризмге қарсы күрес) және 15.19 (Республикалық бюджет) тармақтарында көрсетілген өтініштердің әрқайсысын білдіреді.

"Өкіл" кез келген делегатты, агентті, менеджерді, әкімшіні, кандидатты, сенім білдірілген адамды, қамқоршыны немесе кастодианды білдіреді.

"Бұлтартпау шаралары" кез келген заңдарды, ережелерді, сауда эмбарголарын, тыйым салуларды, жарлықтарды, директиваларды, кез келген құзыретті орган шығарған, қабылдаған, енгізген, салатын немесе мәжбүрлеп орындайтын шараларды немесе шешімдерді білдіреді, олар:

(a) Тараптардың кез келгеніне осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындауға немесе өз құқықтарын жүзеге асыруға тыйым салады;

(b) Кредиторға Қарыз алушымен өзінің іскерлік қатынастарын қолдауға тыйым салады; немесе

(c) мұндай бұлтартпау шаралары қолданылатын юрисдикциялардағы Кредитордың қызметіне Елеулі қолайсыз әсер етуі мүмкін, және жоғары аталғанның кез келгеніне қатысты кез келген түсіндіру, жүзеге асыру және (немесе) шешім.

"Қамтамасыз ету" кез келген тұлғаның қандай да бір міндеттемесін немесе ұқсас әсері бар кез келген басқа келісімді немесе уағдаластықты қамтамасыз ететін жылжымайтын мүлік кепілін, комиссияны, кепілді, ұстап қалу құқығын немесе басқа да қамтамасыз ету құқықтарын білдіреді.

"Еншілес компания" Ұлыбританияның 2006 жылғы компаниялар туралы Заңының 1162-бөлімінде көрсетілген мәндегі еншілес компанияны білдіреді.

"Жеткізуші" ҚХР заңнамасына сәйкес тиісті түрде ұйымдастырылған, Қазақстан Республикасындағы ҚХР Елшілігінің 9.03.2017ж. № ТЭО-47 Нотасымен ұсынылған, бас офисі А 2/Ф блогы, Тонгфанг ғимараты, Шиангувинглу, Хайдянь ауданы, Бейжің 100084, Қытай мекенжайы бойынша орналасқан Nuctech Company Limited компаниясын білдіреді.

"Салық" заң негізінде және бір жақты тәртіппен, салықты, алымды, кедендік баждарды, бажды немесе басқа да төлемдерді немесе ұқсас сипаттағы ұстап қалуларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, мемлекет талап ететін кез келген міндетті төлемдерді білдіреді (қандай да бір төленбеген немесе олардың кез келгеніне ақы төлеуде кідіртуге байланысты төленетін кез келген айыппұлдарды немесе пайыздарды қоса алғанда).

"Салық шегерісі" ұстап қалуды немесе салықты немесе Қаржылық құжат бойынша төлемнен Салығынан ұстап қалуды білдіреді.

"Төленбеген сома" Қаржылық құжаттар бойынша Қарыз алушы төлеуге жататын, бірақ төлемеген кез келген соманы білдіреді.

"АҚШ" Америка Құрама Штаттарын білдіреді.

"АҚШ салық борышкері":

(a) Қарыз алушыны, егер ол АҚШ-та салық салу мақсаттарын орындау үшін резидент болып табылса; немесе

(b) Қаржы құжаттары бойынша бір бөлігі немесе барлық төлемдері АҚШ федералдық табыс салығының мақсаттары үшін АҚШ-тағы көздерден шығатын Қарыз алушыны білдіреді.

"Пайдалану" Кредитті пайдалануды білдіреді.

"Пайдалану күні" тиісті Қарыз берілуге тиіс күн болып табылатын Пайдалану күнін білдіреді.

1.2 Түсіндіру

(a) Егер керісінше көрсетілмесе, осы Келісімде:

(i) "Қарыз алушыға", "Кредиторға" немесе кез келген "Тарапқа" кез келген сілтеме 19.1-тармаққа сәйкес тараптармен келісілген Қаржылық құжаттар бойынша олардың ресми құқықтық мирасқорларын және құқықтық мирасқорларын және өз құқықтарын және (немесе) міндеттемелерін алушыларды қамтуы үшін түсіндірілетін болады;

(ii) "активтер" ағымдағы және болашақ мүлікті, кірістер мен әртүрлі құқықтарды қамтиды;

(iii) "Қаржылық құжат" оған енгізілген түзетулері, жаңартулары, толықтырулары бар, кеңейтілген немесе қайта қаралған осы Қаржылық құжатқа сілтеме болып табылады;

(iv) "қоса алғанда" "қоса алғанда, шектеусіз" ретінде түсіндірілетін болады (және ұқсас сөз тіркестері ұқсас түрде түсіндірілуі тиіс);

(v) "берешек" ағымдағы немесе болашақтағы, нақты немесе ықтимал болсын ақша қаражатын төлеу немесе өтеу бойынша кез келген міндеттемені (негізгі немесе шартты ретінде салынса да) қамтиды;

(vi) "тұлға" кез келген жеке тұлғаны, фирманы, компанияны, корпорацияны, үкіметті, мемлекетті немесе мемлекеттік агенттікті немесе кез келген бірлестікті, қорды, бірлескен кәсіпорынды, консорциумды, серіктестікті немесе басқа ұйымды (дербес құқық субъектілілігінің болуына немесе болмауына қарамастан) қамтиды;

(vii) "өкім" кез келген үкіметтік, үкіметаралық немесе ұлттықтан жоғары органның, агенттіктің, департаменттің немесе кез келген реттеуші, өзін-өзі реттейтін немесе басқа органның немесе ұйымның кез келген өкімін, ережесін, ресми директивасын, сұрауын немесе нұсқаулығын (заң күшінің бар немесе жоқ болуына қарамастан) қамтиды;

(viii) заңның ережесі осы ережеге қолданыстағы соңғы редакциядағы сілтеме болып табылады; және

(ix) тәулік уақыты Бейжіндегі уақытқа сілтеме болып табылады.

(b) Пайыздық кезеңнің "ұзақтығына тең кезең үшін" мөлшерлеме қандай дәрежеде айқындауы осы Келісімнің шарттарына сәйкес айқындалатын осы Пайыздық кезеңнің соңғы күнінде туындаған қандай да бір сәйкессіздікті ескермеуге тиіс.

(c) бөлімдердің, тармақтардың және қосымшалардың тақырыптары тек қана сілтеуді жеңілдетуге арналған.

(d) Егер керсінше көрсетілмесе, кез келген басқа Қаржылық құжатында немесе қандай да бір Қаржылық құжаты шеңберінде немесе оған байланысты берілген кез келген хабарламада пайдаланылатын термин осы Келісімдегідей осындай Қаржылық құжатында немесе хабарламада мағынаға ие болады.

(e) Міндеттемелерді орындамау (Міндеттемелерді орындамау жағдайын қоспағанда) "жалғастырылады", егер ол түзетілмесе немесе жойылмаса, ал "Міндеттемелерді орындамау жағдайы" "жалғастырылады", егер ол жойылмаса.

(f) егер осы Келісімде берілген валютадағы сома ("көрсетілген валюта") немесе "оның баламасы" көрсетілсе, онда "баламасы" тиісті күнге Кредитор жариялаған басқа осындай валютамен көрсетілген валютаны сатып алу үшін айырбастау бағамы бойынша көрсетілген валютаға айырбастау кезінде көрсетілген валютадағы тиісті сомаға тең кез келген басқа валютаның сомасына сілтеме болып табылады.

1.3 Валюталық символдар және анықтамалар

"RMB" ҚХР заңды валютасын білдіреді. "US \$", "USD" және "АҚШ доллары" Америка Құрама Штаттарының заңды валютасын білдіреді.

1.4 Үшінші тұлғалардың құқықтары

Тарап болып табылмайтын тұлғаның 1999 жылғы шарттар (Үшінші тұлғалардың құқықтары) туралы Ұлыбритания Заңына сәйкес осы Келісімнің кез келген талаптарын сақтауды немесе пайдалануды қамтамасыз етуге құқығы жоқ.

2-БӨЛІМ КРЕДИТ

2. КРЕДИТ

2.1. Кредит

Осы Келісімнің шарттарына сәйкес Кредитор Қарыз алушыға Міндеттемеге тең мөлшерде мерзімді кредит береді.

3. МАҚСАТЫ

3.1 Мақсаты

Қарыз алушы әрбір Қарыз қаражатын Сатып алушының Жеткізушіге келісімшарттың құнын төлеу мақсатында ғана пайдаланатын болады.

3.2 Мониторинг

Күмәнға жол бермеу үшін Кредитордың Кредиттік қаражаттың пайдаланылуын және осы Келісімнің орындалуын тексеруге және бақылауға құқығы бар. Қарыз алушы Кредитор тарапынан жоғарыда көрсетілген сараптама мен бақылау жүргізуге жәрдем көрсетуге тиіс. Қарыз алушы визаларды рәсімдеу үшін шақыру хаттарын береді.

4. ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ

4.1 Бастапқы алдын ала шарттар

(a) егер Кредитор 1-қосымшаның (алдын ала шарттар) I бөлігінде және II бөлігінде аталған барлық құжаттар мен өзге де дәлелдемелерді кредиторды қанағаттандыратын нысан мен мазмұн бойынша алмаса, Қарыз алушы қаражатты таңдау туралы алғашқы қайтарып алынбайтын хабарлама бере алмайды. Кредитор Қарыз алушыға оның қанағаттанғаны туралы дереу хабарлайды.

(b) егер Кредитор Кредиторды қанағаттандыратын нысан мен мазмұн бойынша 1-қосымшаның (Алдын ала шарттар) III бөлігінде аталған барлық құжаттар мен өзге де дәлелдемелерді алмаса, Қарыз алушы қаражатты іріктеу туралы бірінші қайтарусыз хабарламадан кейін қаражатты іріктеу туралы кез келген қайтарып алынбайтын хабарлама бере алмайды. Кредитор Қарыз алушыға оның қанағаттанғаны туралы дереу хабарлайды.

4.2 Қосымша шарттар

Кредитор 5.4-тармақты (Қарыздардың қолжетімділігі) сақтауға міндетті болады, тек егер Қаражатты таңдау туралы қайтарып алынбайтын хабарлама күніне және ұсынылатын пайдалану күніне:

(a) Міндеттемелерді орындамау жалғаспаса немесе ұсынылатын Қарыз нәтижесінде туындамаса; және

(b) Қарыз алушы жасауы тиіс қайталанатын мәлімдемелер барлық маңызды аспектілерде дұрыс болып табылады.

3-БӨЛІМ ПАЙДАЛАНУ

5. ПАЙДАЛАНУ

5.1. Құралдарды іріктеу туралы қайтарып алынбайтын хабарлама беру

Қарыз алушы Кредиторға Қаражатты іріктеу туралы тиісті түрде ресімделген қайтарып алынбайтын хабарлама бере отырып, пайдалану күніне дейін 10:00 (Бейжің уақыты бойынша) 35 жұмыс күнінен кешіктірмей пайдалана алады.

5.2 Құралдарды іріктеу туралы қайтарып алынбайтын хабарламаны рәсімдеу

(a) Қаражатты таңдау туралы әрбір қайтарып алынбайтын хабарлама қайтарып алынбайтын болып табылады және, егер:

(i) ұсынылатын Пайдалану күні Қолжетімділік кезеңіндегі Жұмыс күні болып табылады;

(ii) валюта және Пайдалану сомасы 5.3-тармаққа (Валюта) сәйкес келеді;

(iii) онда Пайдаланудан түсетін түсімдер есепке алынуға тиіс Кредиторда ашылған Жеткізушінің шоты көрсетіледі.

(b) Қаражатты таңдау туралы әрбір қайтарып алынбайтын хабарламада бір ғана қарыз сұрауға болатын болса.

5.3 Валюта және сома

(a) Барлық Пайдаланулар юань есебінде көрсетілуі тиіс.

(b) Ұсынылатын Қарыз сомасы кемінде 1 000 000 (бір миллион) Қытай юанін немесе, егер одан аз болса, Қол жетімді қаражатты құрауы тиіс.

5.4 Қарыздардың қолжетімділігі

Егер осы Келісімде берілген шарттар орындалса, онда Кредитор әрбір Қарызды Пайдалану күніне береді.

5.5 Қолжетімділік кезеңін ұзарту

Мұндай ұзартуға арналған өтінішті Қарыз алушы Қол жеткізу кезеңі аяқталғанға дейін 30 (отыз) күн бұрын Кредиторға берген және осы өтінішті Кредитор бекіткен шартпен ұзартылуы мүмкін.

5.6 Тікелей төлем

(a) Қарыз алушы осы арқылы шартсыз және Қаражатты таңдау туралы қайтарып алынбайтын хабарламада көрсетілгендей, Кредиторға әрбір Қарыздан тікелей Жеткізушінің шотына түскен түсімдерді кредиттеуге сөзсіз сұрау салады және рұқсат береді.

(b) Осы 5.6-тармаққа сәйкес Кредитордың Жеткізушіге әрбір Қарызды төлеуі 5.4-тармаққа сәйкес (Қарыздардың қолжетімділігі) осындай Қарызға қатысты Кредитордың Қарыз алушы алдындағы міндеттемелерін орындайды.

5.7 Міндеттеменің күшін жою

Сол кезде пайдаланылмаған міндеттеме Кредиттің қолжетімділік кезеңінің соңында автоматты түрде күші жойылады.

4-БӨЛІМ ӨТЕУ, МЕРЗІМНЕН БҰРЫН ӨТЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

6. ӨТЕУ

6.1 Қарыздарды өтеу

(a) Қолжетімділік кезеңі аяқталғаннан кейін 30 (отыз) Жұмыс күні ішінде Кредитор Қарыз алушыға Кредитор Қарыз алушыға берген онда берілген мәселелердің айқын дәлелі болуы тиіс Өтеу графигін жібереді.

(b) Қолжетімділік кезеңінің аяқталуы бойынша өтелмеген Қарыздар Өтеу Графигі Кестесіне сәйкес 30 (отыз) бірдей ай сайынғы траншпен өтеледі. Әрбір Өтеу күні бір транш төленуге жатады.

(c) Жоғарыдағы (a) тармақшасының талаптарын бұзбай, осы Келісім бойынша төленуге жататын немесе төленуге жататын болатын барлық сомалар мән-жайларға байланысты Өтеудің соңғы күніне дейін толық төленуі немесе өтелуі тиіс.

(d) Егер басқа жағдайда Өтеу күні Жұмыс күні болып табылмайтын күні аяқталса, онда бұл Өтеу күні алдыңғы Жұмыс күні аяқталады.

(e) Күмәнға жол бермеу үшін Жеңілдікті кезеңі ішінде, Қарыз алушы Кредиторға тек пайыздарды ғана төлейді және негізгі борышты төлемейді.

(f) Қарыз алушы өтелген Кредиттің қандай да бір бөлігін қайтадан қарызға ала алмайды.

(g) Кредитор берешек сомасын, сондай-ақ Қарыз алушы өтеген немесе төлеген соманы есепке алуды жүргізу үшін Қарыз алушы үшін "(жобаның атауы) жобасы бойынша шот (қарыз алушының атауы)" (бұдан әрі "Қарыз алушының Шоты" деп аталатын) атауымен Қарыз алушы үшін кредиттік шот ашуға және өзінің бухгалтерлік есебінде ұстауға тиіс. Қарыз алушының Шотындағы таңдап алынған және өтелмеген сома ретінде жазылған Кредит сомасы Қарыз алушының Кредитор алдындағы берешегі туралы куәландыратын болады және анық қателер болмаған шартпен Қарыз алушының өтеуі үшін міндетті болады.

7. МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ӨТЕУ ЖӘНЕ КҮШІН ЖОЮ

7.1 Заңсыздық

Егер кез келген сәтте кез келген қолданылатын юрисдикцияда осы Келісімде көзделген Кредитордың қандай да бір міндеттемелерін орындауы немесе қандай да бір Қарызды қаржыландыру немесе қолдау заңсыз болып табылса немесе болса:

(a) Кредитор бұл жағдай туралы өзіне белгілі болғаннан кейін дереу Қарыз алушыны хабардар етуі тиіс;

(b) Кредитор Қарыз алушыны хабардар еткеннен кейін Қол жетімді міндеттеме дереу күші жойылатын болады; және

(c) Қарыз алушы Қарыз алушыны хабардар еткеннен кейін пайда болған әрбір қарыз үшін пайыздық кезеңнің соңғы күні немесе егер бұрын болса, онда Қарыз алушыға жеткізілген хабарламада кредитор көрсеткен күні (заңмен рұқсат етілген кез келген қолданылатын жеңілдік кезеңінің соңғы күнінен ерте емес) өтеуге тиіс.

7.2 Ерікті түрде күшін жою

Қолжетімділік кезеңі аяқталғанға дейін Қарыз алушы Кредитордың келісімінсіз Қолжетімді міндеттеменің барлық немесе кез келген бөлігін күшін жоя алмайды.

7.3 Қарыздарды ерікті түрде мерзімінен бұрын өтеу

(a) Қарыз алушы Кредиторға кемінде 30 (отыз) күн бұрын алдын ала хабарлама бере отырып және Кредитордың келісімімен кез келген Қарыздың барлық немесе кез келген бөлігін мерзімінен бұрын өтей алады (бірақ егер ішінара болса, онда 1 000 000 (бір миллион) юань мөлшеріндегі ең аз сомаға қарызды азайтатын сома).

(b) Осы тармаққа сәйкес кез келген мерзімінен бұрын өтеу кері хронологиялық тәртіппен 6.1-тармақ (Қарыздарды өтеу) бойынша міндеттемелерге сәйкес келуі тиіс.

(c) Қарыз Қолжетімділік кезеңінің соңғы күнінен кейін ғана мерзімінен бұрын өтелуі мүмкін (немесе, егер бұрын болса, онда Қол жетімді міндеттеме нөлге тең болған күні).

7.4 Шектеулер

(a) 7-бапқа сәйкес қандай да бір Тарап беретін күшін жою немесе мерзімінен бұрын өтеу туралы кез келген хабарлама қайтарып алынбайтын болып табылады және, егер

осы Келісімде керісінше көрсетілмесе, онда тиісті күшін жою немесе мерзімінен бұрын өтеу жүргізілуге тиіс күн немесе күн, сондай-ақ осындай күшін жою немесе мерзімінен бұрын өтеу сомасы көрсетілуге тиіс.

(b) Осы Келісім шеңберінде кез келген мерзімінен бұрын өтеу мерзімінен бұрын өтелетін сомаға есептелген пайыздарды ескере отырып және мерзімінен бұрын өтеуге байланысты кез келген шығыстарды ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

(c) Қарыз алушы мерзімінен бұрын өтелген Кредиттің қандай да бір бөлігін қайта қарыз ала алмайды.

(d) Қарыз алушының осы Келісімде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Қарыздардың барлық немесе қандай да бір бөлігін өтеуге немесе мерзімінен бұрын өтеуге немесе Міндеттеменің барлық немесе қандай да бір бөлігін жоюға құқығы жоқ.

(e) осы Келісімге сәйкес міндеттеменің ешқандай күші жойылған сомасы кейіннен қалпына келтіріле алмайды.

(f) егер Кредит шеңберіндегі Қарыз толық немесе ішінара өтелген немесе мерзімінен бұрын өтелген және қайта іріктеу үшін қол жетімсіз болған жағдайда (4.2-тармақта (Қосымша шарттар) белгіленгенді қоспағанда), Кредитке қатысты міндеттеме сомасы (Қарыздың өтелген немесе мерзімінен бұрын өтелген сомасына тең) өтеу немесе мерзімінен бұрын өтеу күніне күшін жойылған болып есептеледі.

5-БӨЛІМ ПАЙДАЛАНУ ҚҰНЫ

8. ПАЙЫЗДАР

8.1 Пайыздарды есептеу

Әр Пайыздық кезең үшін әрбір Қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 2 (екі) пайызды құрайды.

8.2. Пайыздарды төлеу

Қарыз алушы әрбір Қарыз бойынша есептелген пайыздарды әрбір Пайыздарды төлеу күніне төлейді.

8.3 Міндеттемелерді орындамағаны үшін пайыздар

(a) Егер Қарыз алушы белгіленген мерзімде Қаржылық құжатына сәйкес төлеуге жататын қандай да бір соманы төлемесе, егер Төленбеген сома төлемеу кезеңі ішінде ұзақтығын Кредитор таңдаған (негізді әрекет ете отырып) кейінгі пайыздық кезеңдер үшін Төленбеген сома валютасындағы Қарыз болып көрінсе, төмендегі (b) тармақшаны ескере отырып, 2 (екі) пайыз сомасы және төленген болатын мөлшерлеме сомасы болып табылатын мөлшерлеме бойынша нақты төлеу күніне дейін (шешімге дейін де, кейін де) төлем мерзімі келетін күнінен бастап Төленбеген сомаға пайыздар есептеледі. Осы 8.3-тармаққа сәйкес есептелетін кез келген пайыздарды Кредитордың талабы бойынша Қарыз алушы дереу төлеуге тиіс.

(b) Егер қандай да бір Төленбеген сома ол бойынша төлем осы Қарызға қатысты Пайыздық кезеңнің соңғы күні болып табылмайтын күні басталған Қарыздың барлығынан немесе бөлігінен тұрса:

(i) осы Төленбеген сома үшін бірінші Пайыздық кезең осы Қарызға қатысты ағымдағы Пайыздық кезеңнің қалған бөлігіне тең ұзақтығы болады; және

(ii) осы бірінші пайыздық кезең ішінде төленбеген сомаға қолданылатын пайыздық мөлшерлеме 2 (екі) пайыз сомасын және егер Төленбеген соманы төлеу мерзімі басталмаған болса, қолданылатын мөлшерлемені құрайды.

(c) Төленбеген сома бойынша туындайтын міндеттемелерді орындамағаны үшін пайыздар (егер олар төленбесе) осы Төленбеген сомаға қолданылатын әрбір Пайыздық кезеңнің соңында Төленбеген сомаға қосылады және тиесілі және дереу төленуге тиіс болып қала береді.

9. ПАЙЫЗДЫҚ КЕЗЕҢДЕР

9.1 Пайыздық кезеңдер

(a) төмендегі (b) - (d) тармақшаларын және 8.3-тармағын (Міндеттемелерді орындамағаны үшін пайыздар) ескере отырып, Қарыз үшін әрбір Пайыздық кезең әрбір жылдың 21 наурызында немесе 21 қыркүйегінде аяқталатын 6 айды немесе Қарыз алушы мен Кредитордың арасында келісілген кез келген басқа кезеңді құрауы тиіс.

(b) Қарыз үшін бірінші Пайыздық кезең Пайдалану күнінен басталады және тікелей Пайдалану күнінен кейін жүретін ең жақын 21 наурызда немесе 21 қыркүйекте аяқталады.

(c) Қарыз үшін әрбір келесі Пайыздық кезең алдыңғы Пайыздық кезеңнің соңғы күнінде басталады.

(d) Қарыз үшін Пайыздық кезең өтеудің Соңғы күнінен тыс шықпауға тиіс.

9.2 Жұмыс емес күндер

Егер Пайыздық кезең өзге жағдайда Жұмыс күні болып табылмайтын күні аяқталса, мұндай Пайыздық кезең сол күнтізбелік айдың келесі Жұмыс күні (егер ондай бар болса) немесе алдыңғы Жұмыс күні (егер ондай жоқ болса) аяқталады.

10. КОМИССИЯЛАР

10.1 Резервке қойғаны үшін комиссия

(a) Қарыз алушы Кредиторға Қолжетімділік кезеңі үшін Кредитордың Қол жетімді міндеттемелеріне жылдық 0,25 (нөл бүтін жүзден жиырма бес) пайыз мөлшерлемесі бойынша юаньда есептелген комиссияны жарты жылда бір рет немесе толық жойылған жағдайда, күшіне енген күннен басталатын және осындай күшін жою күшіне енген күні аяқталатын кезең үшін төлейді.

(b) резервке қойғаны үшін Комиссия Күшіне енген күннен кейін 30 (отыз) күн өткен күнді қоса алғанда есептеледі және өткен күндердің нақты санына және жылы 360 (үш жүз алпыс) күнге сүйене отырып есептеледі. Резервке қойғаны үшін Комиссия күн сайынғы негізде есептеледі және:

- (i) кезең соңында, 21 наурызда және 21 қыркүйекте, қолжетімділік кезеңінде;
- (ii) Қолжетімділік кезеңінің соңғы күні; және
- (iii) мұндай жою күшіне енген сәтте толық жойылған жағдайда төленеді.

10.1 Басқару үшін комиссия

Қарыз алушы Кредиторға Міндеттеме сомасының 0,25 (нөл бүтін жүзден жиырма бес) пайызы (5 154 320,50 (бес миллион бір жүз елу төрт мың үш жүз жиырма бүтін оннан бес) құрайтын) мөлшерлемесі бойынша Қаражат тандау туралы бірінші қайтарып алынбайтын хабарлама күніне дейін басқару үшін комиссия төлейді.

6-БӨЛІМ ТӨЛЕМ БОЙЫНША ҚОСЫМША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

11. САЛЫҚТЫҚ АЛЫМДАР ЖӘНЕ ӨТЕМДЕР

11.1 Сендірулер

Қарыз алушы әрбір жылдың 31 желтоқсанына дейін Кредитор орыс тіліне аудармасы бар мынадай құжаттарды ұсынған жағдайда осы Келісім күніне мынадай растамалар мен кепілдіктер береді:

- (i) ҚХР-да оның салық резиденттігін растайтын, ҚХР-да тиісті түрде заңдастырылған резиденттік сертификатының түпнұсқасы және
- (ii) ҚХР-да құзыретті орган заңдастырылған, оның ҚХР Үкіметіне толық тиесілі екендігін көздейтін құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

11.2 Міндеттемелер

Қарыз алушы Қазақстанның заңнамасына сәйкес:

- (a) қаржылық құжатқа байланысты кез келген төлемнен салық шегерімінің жүргізілмеуі; сондай-ақ
- (б) кез келген Қаржылық құжатына немесе Қаржылық құжатымен байланысты операцияларға қатысты елтаңбалық баж, тіркеу алымы немесе осыған ұқсас салық төленбеуі үшін барлық күш-жігерін жұмсауы тиіс.

11.3 Салықтарды өтеу

Осы Келісімнің кез келген басқа ережелерін ескермей:

(a) осы Келісім бойынша Қарыз алушы жүзеге асыратын барлық төлемдер Кредиторға есепке жатқызусыз немесе қарсы талаптарсыз немесе ұстамай, сондай-ақ қандай да бір салықтар мен кез келген алымдарды кез келген шегерулерсіз және ұстаусыз еркін және дәл төленуі тиіс; сондай-ақ

(b) егер заң бойынша Қарыз алушы осы Келісім бойынша қандай да бір төлемнен кез келген осындай шегерім жасауға немесе ұстап қалуға міндетті болса, онда Қарыз алушы Кредиторға, егер мұндай шегерім немесе ұстап қалу жүргізілмесе, осы Келісімге сәйкес алынған толық соманы Кредитордың дереу алуына әкелетін осындай қосымша соманы дереу төлеуге тиіс.

11.4 Елтаңбалық баждар

Егер тіркеу үшін кез келген салық алымдары, салықтар немесе басқа да осыған ұқсас салықтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстандағы кез келген Қаржылық құжатымен көзделген кез келген Қаржылық құжатына немесе операцияларына қатысты төленген жағдайда, Қарыз алушы осындай барлық елтаңбалық алымдарды, тіркеу үшін салықтарды немесе басқа да осыған ұқсас салықтарды дереу төлеуге тиіс.

12. КРЕДИТОРДЫҢ БИЗНЕСТІ ЖҮРГІЗУІ

Осы Келісімнің ешбір ережесі:

(а) Кредитордың оның істерін (салықтық немесе өзге де) өзі үшін кез келген орынды түрде ұйымдастыру құқықтарына қысым жасамайды;

(b) Кредиторды оған қолжетімді немесе кез келген талаптардың көлемін, тәртібі мен тәсілін тексеруге немесе қандай да бір жеңілдікті, босатуды, азайтуды немесе өтеуді талап етуге міндеттемейді; немесе

(c) Кредиторды осы Келісімде көзделген жағдайларды қоспағанда, оның істеріне (салықтық немесе өзге де) қатысты қандай да бір ақпаратты немесе салық жөнінде қандай да бір есеп айырысуларды ашуға міндеттемейді.

13. БАСҚА ӨТЕМАҚЫЛАР

13.1 Валюталық өтемақы

Егер Сомаға қатысты берілген немесе қабылданған Қаржылық құжаттар ("Сома") немесе қандай да бір бұйрық, шешім немесе қорытынды бойынша Қарыз алушыдан тиесілі қандай да бір сома осындай сома төленетін валютадан ("бірінші валюта") басқа валютаға ("екінші валюта") мына мақсаттарда айырбасталуға тиіс болса:

(i) Қарыз алушыға қарсы талап арыз немесе дәлелдеме жасау немесе беру;

(ii) кез келген сот немесе төрелік іс қарауға қатысты бұйрықты, шешімді немесе қорытындыны алу немесе орындау,

(b) Қарыз алушы 19.1-тармаққа сәйкес Қарыз алушы тартқан кез келген шығыстар Кредитордың есебінен өтелген кезде осыған байланысты кез келген басқаға беруді ресімдеу және аяқтау мақсатында Кредитор негіздей отырып сұрай алатын барлық осындай құжаттарға қол қоюы және қажетті іс-қимылдарды мен әрекеттерді орындауы тиіс.

20. ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫ АУЫСТЫРУ

Қарыз алушы қандай да бір өз құқықтарын басқаға бере алмайды немесе Қаржылық құжаттар бойынша қандай да бір өзінің құқықтарын немесе міндеттемелерін бере алмайды.

9-БӨЛІМ

КРЕДИТОР

21. КРЕДИТОРДЫҢ ІС ЖҮРГІЗУІ

(a) Осы Келісімнің ешбір ережесі:

(i) Кредитордың оның істерін (салықтық немесе өзге де) өзі үшін кез келген орынды түрде ұйымдастыру құқықтарына қысым жасамайды;

(ii) Кредиторды оған қолжетімді немесе кез келген талаптардың көлемін, тәртібі мен тәсілін тексеруге немесе қандай да бір жеңілдікті, босатуды, азайтуды немесе өтеуді талап етуге міндеттемейді; немесе

(iii) Кредиторды оның істеріне (салықтық немесе өзге де) қатысты қандай да бір ақпаратты немесе салық жөнінде қандай да бір есеп айырысуларды ашуға міндеттемейді.

(b) Кредитор заңгерлердің, бухгалтерлердің, салық консультанттарының, кеден инспекторларының немесе басқа да кәсіби консультанттардың немесе сарапшылардың қызметтері үшін өз есебінен жалдай алады және төлей алады.

10-БӨЛІМ

БАСҚАРУ

22. ТӨЛЕМ МЕХАНИЗМІ

22.1 Кредиторға төлемдер

(a) Қарыз алушы Қаржылық құжаты бойынша төлем жүргізуге тиіс әрбір күнге Қарыз алушы осы төлемді валюталау арқылы Кредиторға төлем мерзімі басталған күні Кредитор көрсеткен уақытта және көлемде, мәміленің жасалған сәттегі жай бойынша Кредитордың келесі шотына төлем орны бойынша:

Банктің атауы: Қытай Банкі, Бас офис (SWIFT-код: BKCHCNBJ)

Шоттың нөмірі: 778350006307

Шоттың атауы: Қытай Экспорттық-Импорттық Банкі

немесе Кредитор Қарыз алушыға белгіленген күнге дейін кемінде 10 (он) күн бұрын жазбаша нысанда көрсете алатын осындай басқа шотқа тиісті валютада беруге тиіс.

(b) Төлем Кредитор көрсеткен банктегі осындай шотқа жүргізілуі тиіс.

22.2. Қарыз Алушыға бөлу

Кредитор (Қарыз алушының келісімімен немесе 23-бапқа сәйкес (Өзара есеп айырысу)) Қарыз алушыға төлеуге жататын кез келген соманы Қаржы құжаттары бойынша Қарыз алушыдан тиесілі кез келген соманы төлеу есебіне (алу күні мен валютасында және көлемінде) немесе қолданылуы тиіс кез келген валютаның кез келген сомасын сатып алу есебіне жатқыза алады.

22.3 Ішінара төлем

(a) егер Кредитор Қаржылық құжаттар бойынша Қарыз алушы төлеуге жататын барлық сомаларды өтеу үшін жеткіліксіз төлем алса, Кредитор осы төлемді Кредитор таңдаған кез келген тәртіппен Қаржылық құжаттар бойынша Қарыз алушының міндеттемелері есебіне есептейді.

(b) Жоғарыдағы (a) тармақшасы Қарыз алушы жасаған кез келген бөлудің күшін жояды.

22.4 Қарыз алушы тарапынан өзара есеп айырысудың болмауы

Қарыз алушы Қаржы құжаттары бойынша жүргізуі тиіс барлық төлемдер өзара есеп айырысусыз немесе қарсы талаптарсыз (ұстап қалусыз және қандай да бір шегерімдерден бос) есептеледі және жүргізіледі.

22.5 Жұмыс күндері

(а) Жұмыс күні болып табылмайтын күні төленуге тиіс Қаржылық құжаттар бойынша кез келген төлем алдыңғы жұмыс күні жүргізілуге тиіс.

(b) осы Келісім бойынша негізгі борышты немесе кез келген Төленбеген соманы төлеу мерзімін кез келген ұзарту ішінде пайыздар негізгі борыш немесе төлемнің бастапқы күніне төленетін мөлшерлеме бойынша төленбеген сома бойынша төленеді.

22.6 Шот валютасы

(а) төмендегі (b) және (c) тармақшаларына сәйкес кез келген Қаржылық құжаты бойынша юань Қарыз алушыдан алынатын тиесілі кез келген сомадағы төлем және валюта шоты болып табылады.

(b) Юаньнан өзге төлеуге жататын валюта ретінде айқындалған кез келген сома осындай басқа валютада төленуі тиіс.

(c) Осы Келісімге сәйкес Кредитке байланысты барлық іріктемелер мен өтеулер юаньда есептеледі. Кредитордың келісімімен осы Келісім бойынша Қарыз алушы төлеуге жататын негізгі борыш, пайыздар және басқа да құн АҚШ долларымен (немесе Кредитор мақұлдаған басқа айырбасталатын валютамен) өтелуі немесе төленуі мүмкін және осындай төлемдерді Кредитор алған күні Кредитордың шотын ұстаушы банк жариялаған юань АҚШ долларын (немесе Кредитор мақұлдаған басқа еркін айырбасталатын валюталарды) сатып алу бағамына сәйкес юань есебінде көрсетілуі мүмкін. Кредитор жоғарыда көрсетілген процесте қандай да бір валюталық тәуекелдерді көтермейді. Қарыз алушы осымен осы Келісімге сәйкес Қарыз алушы төлейтін және төлеуге жататын сомалар юань мен юань арасындағы кез келген басқа валюталар немесе юаньнан өзгеше валюталар арасындағы айырбастау бағамдарының қандай да бір өзгеруіне ұшырамайды деп міндеттенеді.

22.7 Төлем жүйелерінің істен шығуы және басқалар

Егер Кредитор іркіліс жағдайының болғанын (өз қалауы бойынша) анықтаса не Қарыз алушы іркіліс жағдайының болғаны туралы Кредиторға хабарласа:

(а) Кредитор, егер мұны Қарыз алушы талап етсе, Кредитор осы жағдайларда қажет деп есептейтін Кредитті пайдалануда немесе басқаруда осындай өзгерістерді Қарыз алушымен келісу мақсатында Қарыз алушымен кеңесуі мүмкін және тиіс;

(b) Кредитор (а) тармақшасында аталған кез келген өзгерістерге қатысты, егер оның пікірі бойынша осы жағдайларда мұны жасауға мүмкін болмаса және кез келген жағдайда осындай өзгерістерге келісуге міндетті болмаса, Қарыз алушыдан консультация алуға міндетті емес;

(с) Кредитормен және Қарыз алушымен келісілген кез келген осындай өзгерістер (ірікіліс жағдайының орын алғанын түпкілікті анықталғанына қарамастан) 28-баптың ережелеріне (Түзетулер және жою) қарамастан, Қаржылық құжаттардың шарттарына түзетулер (немесе жағдайға байланысты бас тарту) ретінде тараптар үшін міндетті болып табылады;

(d) Кредитор кез келген тұлғаның алдындағы қандай да бір шығындар, шығыстар немесе ысыраптар үшін, осы 22.7-тармаққа сәйкес немесе оған қатысты іс-әрекеттерді қабылдау нәтижесінде немесе қабылдауға қабілетсіздігі нәтижесінде туындайтын құнның кез келген кемуі немесе жауапкершілігі (шектеусіз, ұқыпсыздықты, өрескел ұқыпсыздықты немесе жалпы жауапкершіліктің кез келген басқа санатын қоса алғанда, бірақ кредитордың алаяқтығына негізделген қандай да бір наразылықтарды қамтымайтын) үшін жауапты болмайды.

23. ӨЗАРА ЕСЕП АЙЫРЫСУ

Кредитор төлем орнына, есеп айырысу бөлімшесіне немесе осындай міндеттемелердің валютасына қарамастан, Қарыз алушыдан Қаржылық құжаттар (Кредитордың меншік құқығындағы) бойынша тиесілі өтеу мерзімі басталған кез келген міндеттемені Кредитордың Қарыз алушы алдындағы кез келген міндеттемесінің есебіне есептей алады. Егер міндеттемелер әртүрлі валюталарда көрсетілсе, Кредитор өзара есеп жүргізу мақсатында өзінің әдеттегі қызметі барысында Кредитор жариялаған айырбастау бағамы бойынша міндеттемелердің кез келгенін айырбастай алады.

24. ХАБАРЛАМАЛАР

24.1 Жазбаша хабарламалар

Қаржылық құжаттардың шеңберінде немесе оларға қатысты кез келген хабарлама жазбаша нысанда берілуі тиіс және егер өзгесі көрсетілмесе, факс немесе хат арқылы ұсынылуы мүмкін.

24.2 Мекенжайлары

Қаржылық құжаттар шеңберінде немесе оларға қатысты кез келген хабарламаны немесе құжатты ұсыну немесе беру үшін әрбір Тараптың мекенжайлары мен факсінің нөмірі (және департамент немесе лауазымды тұлға, егер бар болса, олардың назарына хабарлама ұсынылады):

(a) Қарыз алушы жағдайында:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Мекенжайы: [Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, 010000, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-ғимарат]

Факс № []

Назарына: Қазақстан Республикасының Қаржы министріне

Көшірмесі: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне

Мекенжайы: [Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Жеңіс даңғылы, 11-ғимарат]

Факс № []

(b) Кредитор жағдайында оның атымен төменде көрсетілген,

Қытай Экспорттық-Импорттық Банкі

Мекенжайы: No. 30, Fuxingmennei Street, Xicheng District, Beijing 100031, People's Republic of China

Факс № +86-10-8357 8516, 6608 6308

Байланыс деректері: _____

немесе Тарап басқа Тарапты кемінде бес жұмыс күні бұрын хабардар ете алатын кез келген қосымша мекенжайлар, факс нөмірі немесе департамент немесе лауазымды тұлға.

24.3 Тапсыру

(a) Қаржы құжаттары шеңберінде немесе оған қатысты Кредитор басқа Тарапқа берген немесе берген кез келген хабарлама немесе құжат тек мына жағдайларда:

(i) егер факс арқылы берілсе, анық нысанда алынғанда; немесе

(ii) тиісті мекенжай бойынша қалдырылған жағдайда немесе пошта арқылы жіберілгеннен кейін бес Жұмыс күнінен кейін, хатпен жібергенде,

және белгілі бір департамент немесе лауазымды тұлға осы департаменттің немесе лауазымды тұлғаның атына жіберілген кезде 24.2-тармақта (Мекенжайлар) көзделген мекенжай деректерінде көрсетілген жағдайда.

(b) Кредиторға берілуі немесе берілуі тиіс кез келген хабарлама немесе құжат Кредитор іс жүзінде алған кезде ғана және департаменттің алушысы ретінде немесе Кредитордың қол қоюымен төменде көрсетілген лауазымды тұлға ретінде нақты көрсетілгенде (немесе осы мақсат үшін Кредитор көрсеткен кез келген қосымша департамент немесе лауазымды тұлға) ғана жарамды деп есептеледі.

(c) жоғарыда (a) және (b) тармақшаларына сәйкес жарамды деп саналатын кез келген хабарлама немесе құжат алған жері бойынша сағат 17:00-ден кейін келесі күні ғана қабылданды деп есептеледі.

24.4 Электрондық хабарламалар

(a) Қаржылық құжаттардың шеңберінде және оларға қатысты екі Тараптың кез келгені беруге тиіс кез келген хабарлама, электрондық пошта арқылы немесе басқа электрондық құралдар арқылы (шектеусіз, қорғалған веб-сайтта орналастыру жолымен қоса алғанда), егер осы екі Тарап:

(i) бір-бірін өзінің электрондық поштасының мекенжайлары туралы және (немесе) осындай тәсілмен ақпарат беруді қамтамасыз ету үшін қажетті кез келген басқа ақпарат туралы жазбаша нысанда хабардар етсе; және

(ii) өздерінің мекенжайларындағы немесе олар ұсынған кез келген осындай ақпараттағы кез келген өзгерістер туралы кемінде бес Жұмыс күні бұрын бір-бірін хабардар етсе ұсынылуы мүмкін.

(b) жоғарыда (a) тармақшасында көрсетілген, Қарыз алушы мен Кредитор беруге тиіс кез келген осындай электрондық хабарлама Тараптар керісінше хабарланғанға дейін мұнымен келіскен жағдайларда ғана осындай түрде берілуі мүмкін, бұл қабылданған хабарлама нысаны болып табылады.

(c) жоғарыда (a) тармақшасында көрсетілген, Тараптар берген кез келген электрондық хабарлама оқылатын нысанда іс жүзінде алынған (немесе берілген) кезде және Қарыз алушы Кредиторға электрондық хабарлама берген жағдайда, ол осы мақсат үшін Кредитор көрсеткен тәртіппен жіберілсе ғана жарамды болады.

(d) жоғарыдағы (c) тармақшасына сәйкес атына осы Келісімнің мақсаттары үшін тиісті хабарлама жіберілген немесе берілген Тараптың орналасқан жері бойынша сағат 17:00-ден кейін жарамды деп есептелетін кез келген электрондық хабарлама тек келесі күні ғана жарамды деп есептеледі.

(e) жіберілген немесе алынған хабарламаға Қаржылық құжаттағы кез келген сілтеме осы 24.4-тармаққа сәйкес берілген осы хабарламаны қамтитын ретінде түсіндірілуі тиіс

24.5 Ағылшын тілі

(a) кез келген Қаржылық құжат шеңберінде немесе оған қатысты берілген кез келген хабарлама ағылшын тілінде болуға тиіс.

(b) кез келген Қаржылық құжат шеңберінде немесе оған қатысты ұсынылған барлық басқа құжаттар:

(i) ағылшын тілінде; немесе

(ii) егер ағылшын тілінде болмаса және егер оны Кредитор талап етсе, ағылшын тіліне расталған аударманы қоса бере отырып, және бұл жағдайда ағылшын тіліне аударма, құжат конституциялық, заңнамалық немесе басқа да ресми құжат болып табылатын жағдайларды қоспағанда, басым болады.

25. ЕСЕП-ҚИСАПТАР ЖӘНЕ КУӘЛІКТЕР

25.1 Шоттар

Қаржылық құжатқа байланысты туындайтын кез келген сот және төрелік талқылауларда Кредитор жүргізетін шоттарда жасалған жазбалар оларда берілген Кредитордың бухгалтерлік құжаттарындағы жазу фактілерінің айқын дәлелдемелері болып табылады, егер Қарыз алушы қарсылық білдірмесе және кері дәлелдеме ұсынбаса, онда бар ақпараттың дұрыс және дұрыс дәлелдемесі болып табылады.

25.2 Куәліктер мен анықтамалар

Кез келген Қаржылық құжат бойынша мөлшерлемені немесе соманы Кредитордың кез келген куәлігі немесе анықтамасы анық қателер болмаған жағдайда онда берілген фактілердің айқын дәлелі болып табылады.

25.3. Есептеу қағидасы

Қаржылық құжат бойынша есептелетін кез келген пайыздар, комиссиялар немесе айыппұлдар күн сайын есептелетін болады және өткен күндердің нақты санына және жылына 360 күнге сүйене отырып есептеледі.

26. ПШНАРА ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ

Егер кез келген уақытта Қаржылық құжаттың кез келген ережесі кез келген юрисдикцияның кез келген заңнамасына сәйкес барлық қатынастарда заңсыз, жарамсыз немесе заңды күші жоқ болып табылса, басқа ережелердің заңдылығы, жарамсыздығы немесе заңды күші, кез келген басқа юрисдикцияның заңнамасына сәйкес мұндай жағдайдың заңдылығы, жарамсыздығы немесе заңды күші қандай да бір жолмен қозғалмайды немесе бұзылмайды.

27. ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ БАС ТАРТУ

Кез келген Тараптың Қаржылық құжат шеңберінде өзінің кез келген құқығын немесе құқықтық қорғау құралын жүзеге асыруға қабілетсіздігі, не бұл ретте кідіріс кез келген осындай құқықтардан немесе құқықтық қорғау құралдарынан бас тарту ретінде әрекет етпейді және қандай да бір Қаржылық құжатты бұзу туралы шешім болып табылмайды. Тараптардың кез келгені қандай да бір Қаржылық құжатты бұзу туралы бас тарту немесе шешім тек жазбаша нысанда ғана жарамды болады. Кез келген құқықтарды немесе құқықтық қорғау құралдарын бір жақты немесе ішінара жүзеге асыру одан әрі немесе басқа жүзеге асыруға немесе кез келген басқа құқықтарды немесе құқықтық қорғау құралдарын жүзеге асыруға кедергі келтірмеуі тиіс. Әрбір Қаржылық құжатында көзделген құқықтар мен құқықтық қорғау құралдары жиынтық болып табылады және заңда көзделген қандай да бір құқықтарды немесе құқықтық қорғау құралдарын жоққа шығармайды.

28. ТҮЗЕТУЛЕР ЖӘНЕ ЖОЮ

Қандай да бір Қаржылық құжаттардың қолданылу мерзімі Кредитордың және Қарыз алушының алдын ала келісімінсіз өзгертілмейді немесе күшін жояды және кез келген осындай өзгеріс немесе күшін жою барлық Тараптар үшін міндетті болады.

29. ҚҰПИЯЛЫҚ

29.1 Құпиялылық

Қарыз алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Келісім бойынша немесе осы Келісімге байланысты комиссиялар жөніндегі барлық шарттарды, ережелер мен стандарттарды қатаң құпиялықта сақтауға міндеттенеді. Кредитордың алдын ала жазбаша келісімінсіз, егер бұл қолданылып

жүрген заңдарда көзделмеген болса, қарыз алушының осы Келісім бойынша немесе оған байланысты кез келген үшінші тарапқа кез келген ақпаратты жариялауға құқығы жоқ.

29.2 Мерзімсіз міндеттемелер

Осы 29-баптағы Міндеттемелер мерзімсіз болып табылады және, атап айтқанда, осы Келісімге сәйкес немесе оған байланысты Қарыз алушы төлеуге жататын барлық сомалар толық төленген және барлық Міндеттемелер жойылған немесе өзгеше түрде қол жетімді болуын тоқтатқан күннен бастап он екі ай ішінде Қарыз алушы үшін сақталады және міндетті болып қалады.

30. ДАНАЛАРЫ

Әрбір Қаржылық құжат тараптардың келісімі бойынша даналардың кез келген санында орындалуы мүмкін және олардың, егер данадағы қолдар Қаржылық құжаттың жалғыз көшірмесінде болған сияқты күші мен қолданылуы болады.

31. КҮШНЕ ЕНУ

Осы Келісім күшіне ену туралы хабарламада ("Күшіне ену күні") көрсетілген күні күшіне енеді.

32. ТОҚТАТУ

Қаржылық құжаттар және Тараптардың Қаржылық құжаттары бойынша барлық міндеттемелері Қарыздарды және басқа да төленбеген сомаларды толық және түпкілікті төлегеннен кейін дереу тоқтатылуы тиіс.

11-БӨЛІМ РЕТТЕУШІ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ МӘЖБҮРЛЕП ОРЫНДАТУ

33. РЕТТЕУШІ ҚҰҚЫҚ

Осы Келісім және одан туындайтын немесе оған байланысты шарттан тыс кез келген міндеттемелер ағылшын құқығымен реттеледі.

34. ҚОРЫТЫНДЫ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ

34.1 Төрелік

Одан туындайтын немесе онымен байланысты кез келген шартсыз міндеттемелер ағылшын құқығы бойынша жүзеге асырылады.

Осы Келісімнен немесе оған байланысты туындайтын кез келген дау (осы Келісімнің немесе осы Келісімнен немесе оған байланысты туындайтын кез келген шартсыз міндеттеменің қолданылуын іске асыруға, шындыққа немесе тоқтатуға қатысты дауды қоса алғанда) ("Дау") Лондон халықаралық төрелік сотының ("LCIA") Төрелік регламентіне сәйкес төрелікте қарауға және түпкілікті шешуге жатады.

(b) Төрелік сот Қағидаларға сәйкес тағайындалатын үш төрешіден тұрады

(c) Төрелік орны Лондон, Англия болып табылады

(d) Төрелік тілі ағылшын тілі болуы тиіс

(e) 34.1-баптың нормалары Англия мен Уэльстің құқығына сәйкес қолданылады.

34.2 Иммуниеттен бас тарту

(а) Қарыз алушы осымен өзінде немесе оның активтерінде болуы мүмкін кез келген иммуниеттен, қандай да бір соттың, төрелік соттың немесе басқа сот органының юрисдикциясынан, сондай-ақ осы сотта, төрелік сотта немесе басқа сот органында кез келген талқылауларға қызмет көрсету және жүргізу үшін, құжаттарды немесе ақпаратты ашу міндеттемесімен байланысты іс жүргізу артықшылықтарынан, қандай да бір уақытша немесе өзге де жеңілдету алудан, орындау, орындау, салу, тыйым салу немесе кез келген төмендегі (b) тармағының ережелерін ескере отырып, тиісті юрисдикция заңнамасымен рұқсат етілген ең жоғары ықтимал дәрежеде 34.1-тармаққа сәйкес қабылданған.

(b) жоғарыдағы (а) тармақшасының кез келген ережелеріне қарамастан, Қарыз алушы мыналарға қатысты қандай да бір иммуниеттен бас тартады (және тараптар ешқандай құқықтық іс-әрекеттер қабылданбайды және қабылданбайды деп қабылдайды және келіседі):

(i) Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерінің немесе оның консулдық мекемелерінің функцияларын орындау кезінде пайдаланылатын немесе пайдалануға арналған кез келген банк шотын, халықаралық ұйымдардағы арнайы миссияларды, миссияларды немесе халықаралық ұйымдар органдарындағы немесе халықаралық конференциялардағы делегацияларды қоса алғанда, мүлік;

(ii) әскери сипаттағы немесе әскери функцияларды орындау кезінде пайдаланылатын немесе пайдалануға арналған мүлік;

(iii) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің немесе оның еншілес ұйымдарының (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта резервтерін, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қаражатын және Қазақстан Республикасы азаматтарының зейнетақы жинақтарын қоса алғанда, шектеусіз) тиесілі және/немесе сенімгерлік басқаруында тұрған егемен активтерді қатысты, бірақ тиісті заң осындай активтерге қатысты Егемен иммуниеттен тек Ұлттық банк немесе оның тиісті еншілес ұйымдары ғана жазбаша нысанда тәуелсіз иммуниеттен бас тартуды талап етеді;

(iv) Қазақстан Республикасының мәдени мұрасының бір бөлігін немесе оның архивтерінің бір бөлігін құрайтын және сатуға орналастырылмаған немесе орналастыруға арналмаған мүлік; немесе

(v) ғылыми, мәдени немесе тарихи мүдделер заттары көрмесінің бір бөлігін құрайтын және сатуға орналастырылмаған немесе орналастыруға арналмаған мүлік.

1-ҚОСЫМША

АЛДЫН АЛА ШАРТТАР І БӨЛІМ КЕЛІСІМНІҢ КҮШІНЕ ЕНУІНЕ АРНАЛҒАН АЛДЫН АЛА ШАРТТАР

(a) Осы Келісімге Кредитор мен Қарыз алушы тиісті түрде қол қойды және Министрлікте тіркелді.

(b) Кредитор Қарыз алушының Қарыз алуын және осы келісімнің жасалуын, сондай-ақ Қазақстан Үкіметінің атынан Қазақстан Қаржы министрінің осы Келісімге қол қоюын мақұлдайтын Қазақстан Үкіметі қаулысының көшірмесін алды.

(c) Осы Келісім шеңберінде Қарыз алушының барлық міндеттемелерін өтеу үшін қажетті барлық қаражат Қазақстанның заңнамасында белгіленген рәсімдерге сәйкес Қазақстанның республикалық бюджетіне енгізілді және Қарыз алушы мұны Кредиторға қолайлы нысанда растайтын дәлелдемелерді табыс етті.

(d) Кредитор Коммерциялық келісімшарттың және онымен байланысты басқа да тиісті құжаттардың расталған көшірмелерін Кредитор үшін қолайлы, Тараптар тиісті түрде орындаған кез келген өзгерістермен және (немесе) толықтырулармен бірге алды.

(e) Негіздемелік келісімді Қазақстан Парламенті тиісті түрде бекітті және күшіне енді.

II БӨЛІМ АЛҒАШҚЫ ҚОЛДАНУҒА АРНАЛҒАН АЛДЫН АЛА ШАРТТАР

1. Қаржылық құжаттар

Осы Келісім күшіне енді.

2. Қарыз алушы

(a) Қарыз алушы сенімхатының көшірмесі (5-қосымша нысанында елеулі түрде (Сенімхат (іріктеу үшін)), ол арқылы Қарыз алушы бір немесе бірнеше өкілге қаржылық құжаттар шеңберінде немесе оған қатысты іріктеуге сұрау салуды жеткізуге уәкілеттік береді.

(b) Міндеттемені қарыз алу Қарыз алушы үшін міндетті қарыз алу лимитінен немесе осыған ұқсас лимиттен асып кетпейтінін растайтын Қарыз алушының куәлігі (уәкілетті өкіл қол қойған).

(c) Қарыз алушының қол қоюға уәкілетті тұлғасы қол қойған, осы 1-қосымшада көрсетілген құжаттың әрбір көшірмесі дұрыс, толық болып табылатынын және осы Келісімнің күнінен ерте емес күнгі жағдай бойынша толық күші бар екендігін және қолданылуын куәландыратын куәлік.

3. Заңды қорытындылар

(a) Linklaters ЖШС, Англиядағы Кредитордың заң консультанты, Кредиторды қанағаттандыратын нысаны мен мазмұны бойынша заңды қорытындысы.

(b) Centil заң фирмасының, Қазақстандағы Кредитордың заң консультантының Кредиторды қанағаттандыратын нысаны мен мазмұны бойынша заңды қорытындысы.

(c) 6-қосымшада (Заңды қорытынды нысаны) көрсетілген нысандағы немесе нысан мен мазмұны бойынша, Кредитор жазбаша мақұлдаған өзге жағдайда, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі не осы тармақшада көзделген операцияларға

қатысты осыған ұқсас өкілеттіктері бар басқа да үкіметтік мекеме берген заңды қорытынды.

4. Басқа құжаттар мен дәлелдемелер

а) Қарыз алушы ұсынған және Кредитор таныған және мақұлдаған қаражатты іріктеу графигі.

б) 11-бапқа сәйкес (Комиссиялар) Қарыз алушыдан тиесілі комиссиялар, шығындар мен шығыстар бірінші пайдалану күніне дейін төленгендігін дәлелдеу.

с) Егер қолданылса, осы Келісімнің барлық өтінімдерінің, тіркеулерінің және жазбаларының және кез келген үкіметтік агенттікте, сотта, мемлекеттік мекемеде немесе осындай құжаттардың дұрыстығын, заңдылығын және заңдылығын қамтамасыз ету үшін қарыз алушы елінің заңнамалық және нормативтік актілеріне сәйкес талап етілетін басқа органда талап етілетін кез келген басқа да құжаттардың куәландырылған көшірмелері.

д) Кез келген Қаржылық құжатымен көзделген операцияларды жасауға және орындауға байланысты немесе кез келген қаржылық құжатының шынайылығы мен міндеттілігі үшін Кредитор қажет деп санайтын кез келген басқа рұқсаттың немесе басқа құжаттың, қорытындының немесе растаудың (егер ол қарыз алушыны тиісінше хабардар етсе) көшірмесі.

е) Коммерциялық келісімшарт күшіне енгеніне дәлел.

ф) Қарыз алушы да, Сатып алушы да берген, оның кредитормен жобаның аяқталуын бағалауда, Кредиторды қанағаттандыратын нысан мен мазмұн бойынша ынтымақтасуға келісімін білдіретін жазбаша міндеттеме.

г) Кредитор Қазақстан Қаржы министрінің тиісті бұйрығының (бұйрықтарының) және барлық басқа да қажетті құжаттардың көшірмесін алды, оларға сәйкес Қаржы министрлігінің бір немесе бірнеше өкілдері қол қою және/немесе Қаржылық құжаттарға сәйкес немесе оларға байланысты ұсыну талап етілетін барлық құжаттар мен хабарламаларға қол қоюға уәкілетті.

h) Кредитор негізді түрде сұратуы мүмкін Қаржылық құжатында көзделген операцияларға қатысты басқа да осындай құжаттар немесе шарттар.

Қарыз алушы Келісім күшіне енгеннен кейін бір (1) жыл ішінде 1-Қосымшаның II бөлігінде (Алдын ала шарттар) жоғарыда көрсетілген шарттарды орындауға қабілетсіз болған жағдайда, Кредитордың жобаны іске асыру және шешімді қабылдау үшін кредитті пайдалану шарттарын қайта қарауға құқығы бар немесе жоқ.

III БӨЛІМ

КЕЙІННЕН ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН АЛДЫН АЛА ШАРТТАР

1. Жобаға байланысты құжаттар

(а) Осы куәлік күніне жобаны іске асыру прогресіне қатысты Жеткізушінің қол қоюға уәкілетті тұлғасының куәлігі.

(б) Шот-фактураның жалпы сомасы мен шот-фактураның берілген күні көрсетілген шот-фактураның көшірмесі.

2. Басқа құжаттар мен дәлелдемелер

(а) Кредиторды қанағаттандыратын нысан мен мазмұн бойынша ұсынылатын Пайдалану үшін қаражатты іріктеу туралы қайтарып алынбайтын хабарлама.

2-ҚОСЫМША СҰРАУЛАР ҚҰРАЛДАРДЫ ТАҢДАУ ТУРАЛЫ ҚАЙТАРЫП АЛЫНБАЙТЫН ХАБАРЛАМА

Кімнен: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі арқылы әрекет ететін және ұсынылатын Қазақстан Республикасының Үкіметі

Кімге: Жеңілдікті кредиттеу бөлімі

Қытай Экспорттық-Импорттық Банкі

Фукингменней көшесі 30, Сичэн ауданы, Бейжің 100031

Қытай Халық Республикасы

Күні:

Құрметті мырза немесе ханым,

_____ (№ _____ бұдан әрі "**Келісім**" деп аталатын) Кредиттік келісімнің 5-бабына сәйкес, Қаржы министрлігі ("**Қарыз алушы**") мен Қытайдың экспорттық-импорттық банкі ("**Кредитор**") арқылы әрекет ететін және ұсынған Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Келісімді біз осымен хабардар етеміз және сізге пайдалануды былайша беруге рұқсат береміз:

Сомасы: _____ (Валютасы: Қытай юані) немесе Қол жетімді міндеттеме, егер аз болса.

Сомасы жазумен: _____ (Валютасы: Қытай юані)

Пайыздық кезең: _____

Шот ұстаушы-Банк: _____

Алушы шотының нөмірі: _____

Сұратылып отырған Пайдалану күні (Кредитор қаражатты таңдау туралы қайтарып алынбайтын хабарламаны алғаннан кейін 35 күнтізбелік күн өткенде): _____

Осы төлем шот-фактура бойынша жүргізіледі (төлемнің бенефициарын көрсету керек) _____ (шот-фактура № _____) келісімшарт шеңберінде _____ (келісімшарт №: _____) және ақы төлеуге _____ (мақсаты)

Алушының атауы: _____

Осымен біз сізге Келісімнің 6.1-тармағының (g) тармақшасында көрсетілген шоттан осы құжатта сұратылған осындай соманы (юань) есептен шығаруға рұқсат береміз.

Осымен сіздің жоғарыда аталған төлеміңіз Келісімге сәйкес және Қаражатты таңдау туралы осы қайтарып алынбайтын хабарламаға сәйкес тиісінше төлеу күні көп ұзамай Келісім бойынша Қарызды құрайды, сіздің төлеміңіз кейін біз жасаған таңдау болып саналатынын растаймыз. Біз Сізге Келісімнің талаптарына сәйкес есептелген кез келген пайыздармен бірге осындай соманы төлеуге тиіспіз.

Біз 4.2-тармақта (Қосымша шарттар) көрсетілген әрбір шарт қаражатты таңдау туралы осы қайтарып алынбайтын хабарлама күніне орындалғанын растаймыз.

Осы қосымшада айқындалмаған шарттар өзге жағдайда Келісімде оларға бекітілген мағынаға ие болады.

Осы хабарлама берілгеннен кейін қайтарылмайтын болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Үкіметін білдіретін Қаржы министрлігі

3-ҚОСЫМША ӨТЕУ ГРАФИГІ

(Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Экспорттық-Импорттық банкі арасындағы _____ (№ _____), ("**Келісім**") Кредиттік келісімге қатысты)

Күні: _____

Құрметті Мырзалар:

Осымен біз Өтеу графигінің көшірмесін жіберіп отырмыз (Келісімге қатысты).

Сіздің жазбаларыңыздан қандай да бір айырмашылықтар табылған жағдайда, бізге бұл туралы дереу пошта, телекс немесе факс арқылы хабарлаңыз.

Егер біз осы хат күнінен кейін _____ күн ішінде сіздерден қандай да бір қарсылықтар алмасақ, біз Сіз Өтеу графигінің мазмұнын растап, осылайша оны орындауға міндеттісіз деп есептейміз.

Шын жүректен,

Қытай Экспорттық-Импорттық Банкі

Қосымша: _____ үшін Өтеу графигі
(Келісімге қатысты)

ҚЫТАЙ ЭКСПОРТТЫҚ-ИМПОРТТЫҚ БАНКІ

Өтеу графигі

(Қаржы министрлігі арқылы әрекет ететін және онымен ұсынылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Экспорттық-Импорттық банкі арасындағы _____ (№ _____), ("Келісім") Кредиттік келісімге қатысты)

Төлем нөмірі	Төлем күні	Қытай юаніндегі сома
Жиыны:		

Ескертпе. Осы қосымшада көрсетілген сома Келісім шеңберінде Қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге ғана қатысты, ал есептелген пайыздар жоғарыда көрсетілген Келісімнің 8-бабының ережелеріне сәйкес төленеді.

4-ҚОСЫМША КРЕДИТТІК КЕЛІСІМНІҢ КҮШІНЕ ЕНУІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАНЫҢ НЫСАНЫ

Кімнен: Қытай Экспорттық-Импорттық Банкі
Фуксингменней көшесі 30, Сичэн ауданы, Бейжің, 100031.

Қытай Халық Республикасы

Кімге: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі арқылы әрекет ететін және ұсынылатын Қазақстан Республикасының Үкіметі

Күні: _____

Құрметті Мырзалар,

Қаржы министрлігі ("**Қарыз алушы**") арқылы әрекет ететін және ұсынған Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қытайдың Экспорт-импорт банкі ("**Кредитор**") арасындағы _____ ("**Келісім**") Кредиттік келісімнің 31-бабына (Күшіне енуі) сәйкес, біз сізді осы туралы хабардар етеміз:

(a) Келісімнің 1-қосымшасының (Алдын ала шарттар) 1-бөлігінде берілген барлық шарттар орындалды;

(b) Келісім осы хабарлама күнінен бастап күшіне енеді.

Қытай Экспорттық-Импорттық Банкі

(Қол қоюға уәкілетті тұлғаның қолы)

5-ҚОСЫМША СЕНІМХАТ (ІРІКТЕУ ҮШІН)

Мен, _____ (сенім білдірілген тұлғаның аты) _____ (бұдан әрі "**Мекеме**" деп аталатын) _____ (сенім білдірілген тұлғаның лауазымы) болып табыламын. Осымен, мен осы _____ (№ _____) Келісімнің (бұдан әрі "**Келісім**" деп аталады) талаптарына сәйкес мекеме атынан іріктеуді жүзеге асыру үшін толық заңды және өкілеттіктерге ие екенімді растаймын. Іріктеуді жүзеге асыру кезінде мен болмаған жағдайда, осымен мен _____ (бұдан әрі "қол қоюға уәкілетті тұлға" деп аталады), _____ (**Қол қоюға уәкілетті тұлғаның лауазымы**) Келісім бойынша іріктеуді жүзеге асыруға, құжаттарға қол қоюға және мекеме атынан осыған байланысты басқа да мәселелерді қарауға рұқсат беретінімді растаймын.

Қолы: _____

Лауазымы: _____

Күні: _____

Қол қоюға уәкілетті тұлғаның қолы үлгісі:

Аты: _____

Лауазымы: _____

6-ҚОСЫМША ЗАҢДЫ ҚОРЫТЫНДЫНЫҢ НЫСАНЫ

Кімге: Қытай Экспорттық-Импорттық Банкі

Күні: _____

Құрметті Мырзалар,

Қат.: Кредиттік Келісім (№ _____)

Біз, Кредитор ретінде ("Кредитор") Қытай Экспорттық-Импорттық банкі мен Қарыз алушы ("Қарыз алушы") ретінде Қаржы министрлігі арқылы және ұсынылған Қазақстан Республикасы Үкіметі арасындағы Кредиттік келісімге (№ _____, "Кредиттік келісім") қатысты осы заңгерлік қорытындыны беруге білікті және уәкілетті Әділет министрлігі, Бас прокурор, заң фирмасы _____.

Осы заңгерлік қорытындының мақсаттары үшін біз мынадай құжаттардың көшірмелерін зерделедік:

(1) жасалған Кредиттік келісім;

(2) төменде берілген қорытындыларды шығару үшін қажетті және орынды заңнамалық және нормативтік актілер және басқа да осындай құжаттар, куәліктер, жазбалар мен актілер.

Осы заңгерлік қорытынды жасалған күні қолданыстағы Қазақстан заңнамасы негізінде берілді.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, біз мына қорытындыға келдік:

1. Қарыз алушы Қазақстан заңнамасына сәйкес тиісті түрде құрылған және заңды түрде жұмыс істейтін мекеме болып табылады және өзінің барлық мүлкімен азаматтық жауапкершілікті өзіне қабылдауға билік, өкілеттік және заңды құқығы болады.

2. Қарыз алушының Кредиттік келісім бойынша өз міндеттемелерін жасасуға және орындауға толық күші, өкілеттігі және заңды құқығы бар және Кредиттік келісімге қол қоюға, беруге және орындауға уәкілеттік беру үшін барлық қажетті іс-қимылдарды орындады _____ Қарыз алушыға тиісті түрде уәкілетті және Қарыз Алушының атынан Кредиттік келісімге қол қою құқығы бар

3. Кредиттік келісімге Қарыз алушы қол қойды және оның шарттарына сәйкес заңды күші бар Қарыз алушының заңды, жарамды және орындауға міндетті міндеттемелерін білдіреді.

4. Қарыз алушының Кредиттік келісімге қол қоюы, беруі және орындауы Қазақстанның қандай да бір заңнамалық немесе нормативтік актісін бұзбайды немесе қайшы келмейді немесе бұзуға әкеп соқпайды.

5. Қазақстандағы кез келген органның Қарыз алушының Кредиттік келісімге қол қоюға, беруге және орындауға байланысты қажетті барлық рұқсаттары мен келісімдері Кредиттік келісім бойынша шетел валютасындағы төлемдерді жүзеге асыруды және Лондон халықаралық төрелік сотында дәлел ретінде кредиттік келісімнің қолайлылығын қамтамасыз етуді қоса алғанда, заңды және қолданыстағы күшке ие болады.

6. Тіркеу жарнасы да, елтаңбалық баж да немесе ұқсас салық Кредиттік келісім шеңберінде Қарыз алушы мен Кредитор тарапынан Кредиттік келісімге қатысты Қазақстанда төленуге жатпайды. Кредиттік келісім бойынша Кредиторға Қарыз алушы жүргізетін кез келген төлемдерге қатысты ұстап қалулар жоқ.

7. Қарыз алушының Кредиттік келісімге қол қоюы және орындауы коммерциялық актілер мен Қарыз алушының мыналар туралы мәлімдемесін білдіреді:

(а) Қарыз алушының осы Келісім бойынша иммунитеттен бас тартуына қосымша Қазақстанның мемлекеттік саясатына қайшы келмейтін дәрежеде Қарыз алушының талап қоюдан, орындаудан, тыйым салудан немесе басқа сот процесінен иммунитетке құқығы жоқ; сондай-ақ

(b) 34.2-тармақта (Иммунитеттен бас тарту) Қарыз алушының иммунитеттен бас тартуы Қазақстанның заңнамасына сәйкес заңды, жарамды, міндетті және қолданылатын болып табылады, Қарыз алушы үшін жарамды және қайтарып алынбайтын міндеттеме болып табылады.

8. Кредиттік келісім бойынша Қарыз алушының төлем міндеттемелері Қазақстанның қолданыстағы заңнамасына сәйкес міндетті тәртіппен міндеттемелерді қоспағанда, борышпен қамтамасыз етілмеген барлық басқа кредиторлардың және талап етудің басым құқығы бар кредиторлардың талаптарына кем дегенде тең деп жіктеледі.

9. Кредиттік келісім шеңберінде реттеуші құқық ретінде ағылшын құқығын таңдау құқықты заңды түрде жарамды таңдау болып табылады. Кредиттік келісімге сәйкес төрелік үшін Лондон халықаралық төрелік сотына Кредиттік келісім нәтижесінде немесе байланысты туындаған кез келген дауға қатысты Қарыз алушының өтінішхаты Қазақстанның қандай да бір заңнамасына қайшы келмейді.

10. Кредитор кез келген қаржылық құжатын орындау, орындау және/немесе мәжбүрлеп орындау салдарынан Қазақстанда тұрақты тұратын немесе қызметін жүзеге асыратын резидент болып табылмайды және ретінде қаралмайды.

Осы заңды қорытынды онда баяндалған мәселелермен қатаң шектеледі және Сіз оған тек аталған мәселелерге қатысты сілтеме жасай аласыз. Кез келген өзге мәселелерге қатысты бұл қорытынды негіз бола алмайды және біздің келісіміңіз басқа адамдарға берілмейді.

Шын жүректен,

Қол қою парағы

Қарыз алушы

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Мекенжайы: Мәңгілік ел даңғылы, 8, 010000, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Факс:

Назарына: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Көшірмесі:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне

Мекенжайы: Жеңіс даңғылы, 11, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Кім:

Кредитор

Қытай Экспорттық-Импорттық Банкі

Кім: